

Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің «Гүлдер» бөбекжайы» КМҚК сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау бойынша бірыңғай жалпы анықтама

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Заңы, «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығы және «Гүлдер» бөбекжайы» КМҚК 2022 жылғы 23 маусымдағы № 33 бұйрығы негізінде өткізілді.

Талдау жүргізу кезеңі:

2022 жылғы 29-30 қараша

Ішкі талдау объектісі қызметінің талданатын кезеңі:

01.07.2021 жыл - 01.12.2022 жыл

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген талдау барысында:

Бөбекжай қызметін қозғайтын ішкі нормативтік құжаттарда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:

Кәсіпорын құрылымы мыналардан тұрады:

- 1) Әкімшілік;
- 2) Қаржылық бөлім (бухгалтерия, мемлекеттік сатып алу);
- 3) Оқу-тәрбие бөлімі және цифрландыру;
- 4) Техникалық-шаруашылық бөлімі;

«Гүлдер» бөбекжайы КМҚК өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына», сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен басқа да нормативтік құқықтық актілерге, Жарғыға, сондай-ақ бөбекжайдың ішкі нормативтік құжаттарына (ережелер, нұсқаулықтар, ережелер және т.б.) сәйкес жүзеге асырады. Талдау барысында бөбекжайдың қызметін реттейтін Жарғы мен ішкі нормативтік құжаттар зерттелді. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттіктер мен ережелерді талдау нәтижелері бойынша анықталған жоқ.

«Гүлдер» бөбекжайы» КМҚК қызметкерлері ҚР БП жанындағы ҚСЖАЕК «арнайы есепке алу» ақпараттық жүйесінің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен алынған қылмыстық құқық бұзушылық үшін соттылығы бар немесе болған адамдарды анықтау деректері барлық

қызметкерлерге алынған. Басқа қызметкерлердің анықтамасы бойынша сотталғаны туралы мәліметтер тіркелмеген.

Анықтамалар қызметкердің жеке істеріне тіркелген. Жаңадан келген қызметкерге сұраныс арқылы алынып отырылады.

«Гүлдер» бөбекжайы» КМҚК 2021 жылдың ІІ жартыжылдығының мониторинг кезінде қызметкерлердің тізімдік құрамның жалпы саны 41 адам, оның ішінде 19 педагог, оның ішінде жұмыскерді конкурстық іріктеу жүргізбей өзге лауазымға ауыстыру - 2, бала күтімі бойынша демалыстан жұмысына шыққандар саны - 2; Техникалық шаруашылық және қызмет көрсетуші персонал саны - 22, бала күтімі бойынша демалыста жалпы - 12, оның ішінде 8- педагог, 4 - техникалық шаруашылық персоналы, негізгі қызметкердің бала тууға байланысты демалысы уақытында бос жұмыс орны - 0.

Ағымдағы жылда мониторинг кезінде қызметкерлердің тізімдік құрамның жалпы саны 39 адам, оның ішінде 16 педагог, техникалық шаруашылық және қызмет көрсетуші персонал саны - 23, бала күтімі бойынша демалыста - 12, оның ішінде 6 - педагог, 6-техникалық шаруашылық персоналы, негізгі қызметкердің негізгі қызметкердің бала тууға байланысты демалысы уақытында бос жұмыс орны - 2.

2021 жылдың ІІ жартыжылдығынан 10 қызметкер 5 педагог және 5 (техникалық шаруашылық қызметкер) өз бастамасы бойынша атқарып отырған лауазымынан босатылды, (тәрбиеші -1 басқа мекемеге ауысуына байланысты, тәрбиеші - 2 денсаулықтарына байланысты, 2 педагог маман қоса атқару бойынша ағылшын мұғалімі және орыс тілі мұғалімі қысқартылуға байланысты, 5 - қызметкер басқа мекемеге ауысуына байланысты.

2022 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін 4 қызметкер (үш педагог) және 1 (техникалық шаруашылық қызметкер) өз бастамасы бойынша атқарып отырған лауазымынан босатылды, біреуі Шахтинск қаласынан тыс жерлерге кетуіне байланысты, біреуі денсаулығына байланысты, біреуі зейнеткерлік жасқа байланысты. (тәрбиеші: 1- басқа қалаға көшуіне байланысты, тәрбиеші 1- денсаулығына, 1- қоса атқару бойынша музыка жетекшісі, 1- зейнеткерлік жасқа толуына). Теріс себептермен жұмыстан шығарылған қызметкерлер болған жоқ.

Педагогтардың орташа жасы 55 жасты құрайды. 2021 жылдың ІІ жартыжылдығында тәртіпке тартылған қызметкерлер болған жоқ, тәртіптік жауапкершілікке ешкім тартылғандар жоқ.

Талдау кезеңінде бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық, қылмыстық қылмыс жасаған адамдарды жұмысқа қабылдау фактілері анықталған жоқ. «Шахтинск қаласының білім бөлімі» ММ-не ҚР Еңбек кодексінің 26 б. 2 Б. 3 т. сәйкес Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі уәкілетті органға немесе оның аумақтық бөлімшелеріне Сыбайлас жемқорлық қылмыс және /немесе қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны туралы мәліметтердің болуы не болмауы туралы сұрау салынып отырылады.

2022 жылдың 21 қаңтар №3 бұйрыққа сәйкес, медбике Лаазат Комекбаевна Ерназароваға объектілердегі тамақтандыру жағдайларына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптардың 108 тармағын бұзғаны

үшін (перспективалық маусымдық мәзірде «қыс-көктем» түскі ас салатына тұзды қиярдың кесіндісін қосқаны) үшін ескерту ретінде тәртіптік жаза қолданылды.

2022 жылдың 17 маусым №33 Қазақстанда медицина қызметкерлерінің кәсіби мерекесі қарсаңында медбике Лаазат Комекбаевна Ерназаровадан тәртіптік жаза алынды.

2022 жылдың 23 қараша №50 бұйрыққа сәйкес, мемлекеттік сатып алу бойынша есепші Гулден Сериковна Байдюсеноваға мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасу кезінде ҚҚС есептегені үшін ескерту ретінде тәртіптік жаза қолданылды.

Қызметкерлерді оқытудан, біліктілігін арттырудан өту мерзімдері мен тәртібі аттестаттаудың және курстық қайта даярлаудың перспективалық жоспарларымен регламенттелген, Қазақстан Республикасының Білім беру саласындағы заңнамасының негізінде және оған сәйкес жүзеге асырылады. 2021 жылдың II жартыжылдығында біліктілігін арттыру курстарынан өткендер саны - 5.

2022 жылы біліктілігін арттыру курстарынан өткендер саны - 3.

Enbek.kz электрондық биржа сайтында бос орындар көрсетіліп, жанартылып отырылады. Электрондық еңбек келісім-шарттар бекітілген.

Талдау көрсеткендей, жақын туыстарының «Гүлдер» бөбекжайы» КМҚК директорымен бірлескен жұмыс фактілері жоқ, қызметкерлер қызметтік және өзге ақпаратты заңға қатаң сәйкестікте пайдаланады, қызметкерлердің қызметтік өкілеттіктерін орындау барысында сыйлықтар қабылданбайды. Басшының табысы мен мүлкі туралы декларация уақытында тапсырылды.

Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің «Гүлдер» бөбекжайы» КМҚК сыбайлас жемқорлыққа байланысты педагогтар арасында 2022 жылдың 12 қазан күні сауалнама өткізілді.

Сауалнамаға барлығы 16 педагог қатысты. Сауалнама «Гүлдер» бөбекжайы» КМҚК –дағы моральдық-психологиялық ахуалдың 100% жақсы екенін көрсетті. Бөбекжай әкімшілігі тарапынан, педагогтар тарапынан педагогикалық этика нормаларын сақтау деңгейі де жоғары. Бөбекжай әкімшілігі тарапынан педагогтарды педагогке тән емес функцияларды орындауға тарту, жөндеу жұмыстарын орындау, лауазымдық өкілеттіктерін теріс пайдалану фактілерінің жоқ екенін көрсетті.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайту, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымда адалдық мәдениетін қалыптастыру мақсатында қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлық стандарты және Әдеп кодексі бекітілді, олар бөбекжайдың барлық қызметкерлеріне жеткізілді. Әрбір қызметкер жеке танысқан және қолы бар. Бөбекжайдың сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі құрылды, жауапты тұлға - Сыздыкова Сайра Кокишевна - педагог-психолог, оның лауазымдық нұсқаулығына сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс - қызметінің жауапты қызметкерінің функционалдық міндеттері енгізілді (әдістемелік ұсынымдарға сәйкес).

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырып бойынша материалдар Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің «Гүлдер»

бөбекжайы» КМҚК ресми сайтында және бөбекжайдың ресми сайтында : shahtinsk_gulder@krg.gov.kz, <http://shahtinsk-gulder.kz/kz/> қызметкерлердің толық тізімі орналастырылған, ақпараттық стенд құрылған. Ақпараттық стендте, бөбекжай сайтында жариялау арқылы бөбекжай қызметі туралы ақпаратқа қолжетімділік қамтамасыз етілді, қызметкерлер үшін жалпыға бірдей оқу өткізілді және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері талқыланды.

Бұл бағытта сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ. Басқарманың барлық қызметкерлеріне тұрақты негізде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының нормаларын мүлтіксіз сақтау туралы айтылады.

Бос әкімшілік лауазымдарға орналасуға конкурстар өткізу.

2022 жылы «Гүлдер» бөбекжайы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнында педагогтардың (логопед, тәрбиеші) бос лауазымына орналасуға конкурс өткізілді. Осы аралыққа дейін 4 рет ҚРБЖФМ 2022 жылы 9 сәуірде шыққан №93 бұйрығы негізінде бос лауазымдық орындарға хабарландыру орналастырылды. shahtinsk_gulder@krg.gov.kz, <http://shahtinsk-gulder.kz/kz/> Хаттамаларға сәйкес конкурс өтпеді деп есептелді. Себебі үміткерлердің болмағандығынан.

Кадрлық шешімдер қабылдауға шағымдардың болуы.

Талдау кезеңінде кадрлық шешім бойынша шағымдар түскен жоқ. «Бөлімшенің ұйымдастырушылық - басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау» бағыты бойынша мүдделер қақтығысы, қызметкерлердің басшымен немесе оның орынбасарларымен үлестестігі фактілері анықталған жоқ. Ұжым тұрақты жұмыс істейді, кадрлардың тұрақтамауы, сондай - ақ қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер мен тыйымдардың бұзушылықтары анықталған жоқ.

Рұқсат беру, бақылау функциялары жоқ.

Мүдделер қақтығысы (мемлекеттік сатып алу бойынша)

«Гүлдер» бөбекжайы» КМҚК 2021 жылыдың II жартыжылдығында бекітілген мемлекеттік сатып алу жоспарына сәйкес 34 сатып алу өткізілді, оның ішінде:

- Тікелей шарт жасасу әдісімен бір көзден алу тәсілімен - 20;
- Өткізілмеген сатып алу бойынша бір көзден алу тәсілімен - 0;
- Біліктілікті алдын ала іріктеумен - 0 конкурс;
- Баға ұсыныстарын сұрату арқылы - 14.

2022 жылы бекітілген мемлекеттік сатып алу жоспарына сәйкес 77 сатып алу өткізілді, оның ішінде:

- Тікелей шарт жасасу әдісімен бір көзден алу тәсілімен - 22;
- Өткізілмеген сатып алу бойынша бір көзден алу тәсілімен - 21;
- Біліктілікті алдын ала іріктеумен - 0 конкурс;
- Баға ұсыныстарын сұрату арқылы - 33.

Мемлекеттік сатып алу «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Заңының нормаларына, «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 Бұйрығына сәйкес жүргізіледі. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін

қызметтерді мемлекеттік сатып алу электрондық түрде мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы жүргізіледі және өнім берушімен қандай да бір байланыс болмайды. Шарттарды жасасудың тек электрондық форматы веб-порталда сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша толық және дұрыс ақпарат қалыптастыруға және олардың орташа сатып алу бағаларын анықтауға мүмкіндік берді. Электрондық шарттарды және Мемлекеттік сатып алуды оңайлатуға және ашықтығына бағытталған басқа да бірқатар нормаларды енгізу сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайтуға мүмкіндік берді. Мемлекеттік сатып алуды өткізу кезінде бұзушылықтарға жол берілмеді.

ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 5-бабы 4-тармағына сәйкес мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарына өзгерістер мен толықтырулар айына бір рет жүргізіледі.

Салықтарды және өзге де төлемдерді жинау бағыты бойынша барлық есептер салық төлеушінің кабинетінде электронды түрде тапсырылады. Есептелген салықтармен алымдардың үлесі нақты аударымға сәйкес келеді. Кәсіпорынды дамытудың жылдық жоспары жасалады, онда барлық кірістер мен шығыстар көрсетіледі.

Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бойынша талдау.

«Гүлдер» бөбекжайы» 2 мемлекеттік қызметті жүзеге асырады:

- «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау»

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау «Индиго.kz» электрондық жүйе арқылы жүзеге асады.

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларға біліктілік санаттарын беру (растау) үшін оларды аттестаттаудан өткізуге құжаттар қабылдау».

Педагог қызметкерлерінің аттестаттаудан өту процесін автоматтандыру, жаңа біліктілік санатын растау немесе беру үшін «Білімал» Педагог қызметкерлерді электрондық аттестаттау» электрондық жүйе енгізілген.

«Гүлдер» бөбекжайы» КМҚК қабылдау бөлмесінде және әдіскерлер кабинетіндегі тақталарда 2 түрлі мемлекеттік қызмет көрсету бойынша құжаттар және брошюралар мен буклеттер ілінген.

- 2021 жылғы шілде - желтоқсан аралығында «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарға құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау» барлығы - 67 мемлекеттік қызмет көрсетілді.

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларға біліктілік санаттарын беру (растау) үшін оларды аттестаттаудан өткізуге құжаттарды қабылдау» - 0.

Мемлекеттік қызмет көрсету 2022 жыл бойынша «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау» - 56,

- Педагог мәртебесін беру процедурасы орындалды. 8 педагогқа берілді.
Есептік кезеңде мемлекеттік қызмет көрсету сапасына шағым болған жоқ, мемлекеттік қызмет көрсетудің мерзімдерін бұзу орын алмады.

Стандартта көзделмеген құжаттарды талап ету.

«Мектепке дейінгі ұйымдарға құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау» мемлекеттік қызметін көрсету Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 19 маусымдағы №254 «Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

«Мектепке дейінгі ұйымдарға құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау» мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі 2-параграфтың 32-тармағына сәйкес балаларды қабылдау көрсетілетін қызметті алушының және көрсетілетін қызметті берушінің ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында жүзеге асырылады.

Мектепке дейінгі ұйымдарда тамақтануды бақылау үшін электрондық шот-фактуралармен интеграцияланған «Виртуалды қойма» модулі енгізілді, бұл модуль балалардың келу табелі мен перспективалық мәзірге сәйкес күн сайын жүргізіледі.

«Педагогтерге біліктілік санаттарын беру (растау) қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 192 бұйрығына сәйкес 1-параграфтың 23-тармағы. «Педагогтерге біліктілік санаттарын кезекті беру тәртібі» - «Біліктілік санатын беру туралы куәліктер беруді білім беру ұйымдары комиссиялардың шешімдері және тиісті бұйрықтар негізінде жүзеге асырады». Бөбекжайда біліктілік санатын беру (растау) бойынша жұмыс перспективалық жоспарға сәйкес жүргізіледі. Мемлекеттік қызмет туралы ақпарат әдіскер кабинетінде, стендте орналасқан. Ресімдеу бойынша мерзімдердің бұзылуы байқалмады.

Мемлекеттік қызмет көрсетуге шағымдар түскен жоқ. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселесі мектепке дейінгі ұйым директорының тұрақты бақылауында тұр.

Ұсынылады: алынған санаттарға сәйкес, осы өзгерістерді ҰБДҚ базасына уақтылы енгізу және одан әрі қолданыстағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарының талаптарын қатаң сақтау қажет.

Қызмет көрсету мерзімдерін бұзу фактілері.

Талданып отырған кезеңде қызмет көрсету мерзімдерін бұзу фактілері анықталған жоқ.

Мемлекеттік қызмет көрсетуден негізсіз бас тарту фактілері.

Талданып отырған кезеңде мемлекеттік қызмет көрсетуден негізсіз бас тарту болған жоқ.

Құжаттарды қарау кезеңдерінің көптігі және қайталануы.

Талданып отырған кезеңде құжаттарды қарау кезеңдерінің қайталануы және көптігі анықталған жоқ.

Мемлекеттік қызмет белгілері бар қызметтер көрсету (жасырын қызметтер).

Бөбекжайда талданып отырған кезеңде мемлекеттік қызмет белгілері (жасырын қызметтер) бар қызметтер көрсету болған жоқ.

Мерзімдерді бұза отырып көрсетілген мемлекеттік қызметті алудан бас тарту, сапаға, қызметкерлерге немесе қызмет көрсету мерзіміне қатысты келіп түскен шағымдар болған жоқ.

Өзге де мәселелер (сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыру бойынша қабылданатын шаралар).

Бөбекжай директоры кестеге сәйкес апта сайын азаматтарды қабылдайды. Қабылдау уақыты туралы ақпарат ақпараттық стендте орналастырылған.

2022 жылдың қаңтар айынан бастап жеке тұлғалардың өтініштерін беру және қарауға байланысты «Е-Өтініш» ақпараттық жүйесінде жұмыс жүргізілуде (ата-аналардың демалысына өтініштерді қарау). Талдау кезеңінде 0 өтініш түсті.

Сондай-ақ хаттар мен өтініштерге арналған жәшіктер ресімделген, ол пломбаланған және ай сайын бөбекжайдың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі комиссиясы хабарламаларды тексеріп отырады. Өтініштер болған жағдайда көрсетілген фактілер егжей-тегжейлі талданады және қажетті шаралар қабылданады.

БАҚ-та, әлеуметтік желілерді, интернет-ресурстарда мақалалар жариялау:

- «Шахтинский вестник» газеті № 42 2021 жылдың 21 қазан «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес-әрбір азаматтың міндеті» атты мақала жарияланды. авторы Исина Г. Ж.

- «Шахтинский вестник» газеті №47(1679) 2022 жылдың 02 желтоқсан «Жемқорлыққа жол жоқ!» атты мақала жарияланды. авторы Шаяхметова А.А.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша ақпаратты, НҚА жариялау мәніне талдау объектісінің интернет ресурсын зерделеу. Аталмыш тақырып бойынша барлық ақпараттар, нормативтік-құқықтық құжаттар «Гүлдер» бөбекжайы» КМҚК арнайы инстаграмм парақшасында жарияланып отырады.

Сайт қазіргі білім беру ұйымының ақпараттық саясатының маңызды элементі және білім беру процесіне қатысушылардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға байланысты бірқатар білім беру міндеттерін шешу құралы болғандықтан, ұйымның сайты құрылды.

Жеке тұлғаның активтері мен міндеттемелері туралы декларацияның 250 формасын 2022 жылы 25 наурызда 21 анықтама тапсырды.

Жеке тұлғаның активтері мен міндеттемелері туралы декларацияның 270 формасын 2022 жылы 29 шілде 21 анықтама тапсырды.

Тексеру актілерінде көрсетілген бұзушылықтарды жою.

Тексеру кезінде анықталған бұзушылықтар үшін жауапты тұлғаларға жаза қолданылды.

Зерттеу кезеңінде теріс материалдарды анықтау үшін теріс материалдар анықталған жоқ.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде жұмыс тобы Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің «Гүлдер» бөбекжайы» КМҚК

коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ деген қорытындыға келді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою (бейтараптандыру) жөніндегі ұсыныстар:

1.«Гүлдер» бөбекжайы КМҚК қызметіне тұрақты ішкі бақылау мен аудитті жүзеге асыру.

2. Педагогикалық ұжымда адал еңбек мәдениетін, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, тәрбиеленушілер мен ата-аналар ұжымдарында сыбайлас жемқорлыққа «нөлдік» төзімділікті қалыптастыру.

3.Қоғамда сыбайлас жемқорлық мінез-құлыққа төзбеушілікті қалыптастыруға арналған семинарлар, кеңестер өткізу; сыбайлас жемқорлыққа жататын құқық бұзушылықтар санатына жатқызылған жағдайлар туындаған кезде азаматтар мен лауазымды тұлғалардың жауапкершілігі туралы тақырыптарда әкімшілік қызметкерлерімен түсіндірме жұмыстарын өткізу.

4. Бөбекжай қызметі бойынша бөбекжай сайттарына, интернет желілеріне және БАҚ мақалалар жарияланып отыру.

Жұмыс тобы:

Сыздыкова Сайра Кокишевна
Мусина Ирина Германовна
Нугуманова Карашаш Ахтаевна
Байдюсенова Гулден Сериковна
Каржасова Нурдана Махабетовна
Шаяхметова Акбаян Абуевна
Жолдасбекова Акнур Нурлановна

Таныстырылды: С.К.Сыздыкова
И.Г.Мусина
К.А.Нугуманова
Г.С.Байдюсенова
Н.М.Каржасова
А.А.Шаяхметова
А.Н.Жолдасбекова

_____ *Сыздыкова*
_____ *Мусина*
_____ *Нугуманова*
_____ *Байдюсенова*
_____ *Каржасова*
_____ *Шаяхметова*
_____ *Жолдасбекова*

Директордың м.а



О.Азимбаева

О.Азимбаева